



Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы (Денсаулық сақтау саласындағы жоба) Заем туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 20 шілде N 447-І

Астанада 1999 жылғы 20 мамырда жасалған "Қазақстан республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы (Денсаулық сақтау саласындағы жоба) Заем туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Заемның нөмірі 4457 KZ

Қазақстан Республикасы
мен
Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі
арасындағы
Заем туралы келісім
(Денсаулық сақтау саласындағы жоба)
1999 жылғы 20 мамыр

Заемның нөмірі 4457 KZ

Заем туралы келісім

Қазақстан Республикасы (Заем алушы) мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі (Банкі) арасындағы 1999 жылғы 20 мамырдағы келісім.

(А) Банкі Заем алушыдан 1999 жылғы 6 наурыз деп дата қойылған хат алды, онда Заем алушының 1998 жылғы "Халықтың денсаулығы" деген Мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі "Бағдарлама" деп аталады) Заем алушының денсаулық сақтау жүйесін реформалау және одан әрі дамыту көздеген негізгі бағыттары жазылғанын, Заем алушының осы Бағдарламаны орындау тапсырмасын қуаттайтын

арызының баяндалғанын назарда ұстай отырып;

(B) Заем алушы Банкке заемдар сериялары арқылы Бағдарламаны орындауда Заем алушыға Бағдарламаны іске асыруға көмек көрсету үшін сегіз жылдан аспайтын мерзімде жалпы сомасы 162 500 000 АҚШ долларынан аспайтын қаржылық қолдау көрсету туралы өтініш жасады;

(C) Осы Келісімнің 2-Қосымшасында жазылған Жобаның іске асырылуына және басымдылығына көзі жеткен Заем алушы Банкке осы Жобаны қаржыландыруға көмек көрсетуі туралы өтініш білдірді;

Жоғарыда көрсетілгендерді назарда ұстай отырып, *inter alia* негізінде Заем алушыға осы Келісімде көрсетілген шарттармен заем беруге келісті;

Осымен тараптар мына төмендегілер туралы уағдаласты:

I бап

Жалпы талаптар; Айқындау

1.01-бөлім. Банктің 1995 жылғы 30 мамырдағы "Заемдарға қолданылатын жалпы талаптары мен моновалюталық заемдарға арналған кепілдік келісімдері" 1997 жылғы 2 желтоқсандағы төменде ұсынылған өзгерістерімен (бұдан әрі мәтін бойынша Жалпы талаптар) осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайды:

Жалпы талаптардың 9.07 бөлігінің (с) Параграфына түзетулер енгізілген болатын, енді ол мынадай редакцияда жазылсын:

"(с) Несие желілерін жабатын күн жеткенге дейін алты ай қалғанда немесе Заем алушы мен Банк арасында осы мақсаттар үшін келісілген неғұрлым кеш мерзімде Заем алушы есеп дайындап, оны Банкке ұсынады, онда Жобаны орындауға, алғашқы нәтижелерге, оны іске асырудан алынған табыстар мен оған кеткен шығындарға, заем және заемның мақсатқа жетуі туралы осы Келісім жөніндегі тиісті міндеттемелерді Банк пен Заем алушының орындауына қатысты Банк негізді түрде талап ететін нақтылау дәрежесіндегі сұрақ топтары енгізілген".

1.02 бөлім. Егер сөйлем құрамында өзгедей талап етілмесе, Жалпы талаптарда және осы Келісімге берілген алғысөзде белгіленген, осы құжаттарда бекітілген терминдердің маңызы бар.

(a) "Жыл сайынғы жұмыс бағдарламасы" Заем алушы бекіткен нақты жылға

арналған жұмыс бағдарламалары мен бюджеттерді және осы келісімнің 3.01 (b)(i)(A) бөліміне сәйкес қатысушы облыстардың әрқайсысын және осы Келісімге 5-қосымшаның B(2) бөлігін білдіреді.

(b) "АҚ" Заем алушының әкімшілік бірлігі болып табылатын Алматы облысын білдіреді, сондай-ақ оның құқылы мұрагерін немесе құқылы мұрагерлерін қамтиды.

(c) Денсаулық сақтау комитеті Заем алушының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің құрылымындағы Денсаулық сақтау комитетін білдіреді, сондай-ақ оның құқылы мұрагерін немесе құқылы мұрагерлерін қамтиды.

(d) "ШҚО" Заем алушының әкімшілік бірлігі болып табылатын Шығыс Қазақстан облысын білдіреді, сондай-ақ оның құқығы мұрагерін немесе құқылы мұрагерлерін қамтиды.

(e) "ДБСМ" Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігін білдіреді, сондай-ақ оның құқылы мұрагерін немесе құқылы мұрагерлерін қамтиды.

(f) "Қаржымині" Заем алушының Қаржы министрлігін немесе оның құқықтық мұрагерін білдіреді.

(g) "Қатысушы облыстар" және "Қатысушы облыс" бірге алғанда да, жеке алғанда да АҚ және ШҚО-на қатысты.

(h) "ЖІТ" осы Келісімге 5-қосымшаның А бөлігіндегі 2 параграфта айтылған Заем алушының жобаны іске асыру тобын білдіреді.

(i) "ЖІБ" осы Келісімнің 5.01 (b) параграфында айтылған Заем алушының жобаны Банкпен келісе отырып кезек-кезеңімен енгізілген тузетулерімен қоса іске асыру жөніндегі Басшылықты білдіреді.

(j) "Жобаны басқару туралы есеп" осы Келісімнің 4.02 параграфына сәйкес есепті білдіреді.

(k) "Жобаны дайындауға берілетін аванс" Банк пен Заем алушының арасындағы 1998 жылғы 21 желтоқсандағы және 1999 жылғы 5 қаңтардағы хат алмасуларға сәйкес Банктің Заем алушыға ұсынған жобасын дайындауға арналған авансты білдіреді.

(l) "ЖІАТ" осы Келісімнің 5-қосымшасындағы 2 параграфта айтылған жобаны жүзеге асыру жөніндегі аймақтық топтарды білдіреді.

(m) "Арнаулы шот" осы Келісімнің 2.0 (b) бөлімінде көрсетілген шотты білдіреді.

II бап

Заем

2.01-бөлім. Банк Заем алушыға Заем туралы Келісімде баяндалған немесе көрсетілген талаптармен қырық екі миллион бес жүз мың долларға тең (42 500 000 АҚШ доллары) сомада заем беруге келісіп отыр.

2.02-бөлім. (а) осы Келісімнің 2-қосымшасына сәйкес Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті және Заем қаражаты есебінен қаржыландыруға жататын Заем қаражатының Заем шотынан осы Келісімнің 1-қосымшасының ережелеріне сәйкес келтірілген шығыстарды жабу үшін (немесе, келтірілуі мүмкін шығыстарды жабу үшін Банктің келісімімен) тауарлар сатып алуға және жөндеу жұмыстарын жүргізуге және ақылға қонымды баға бойынша қызмет көрсетуге байланысты алынуы мүмкін.

(b) Жобаның А, Б, В және Г бөлімдерінің мақсаты үшін Заем алушы доллармен жеке арнайы депозиттік шот аша алады және ұстай алады (Банкті қанағаттандыратын, сот тәртібімен тұтқындауды, қосуды қоса алғанда, тұтқындаудан, қосудан тиісті түрде қорғауды қамтитын шарттар бойынша қандай да бір коммерциялық банктегі арнайы шот). Арнайы шотқа салым және одан төлем жасау осы Келісімнің 6-қосымшасының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

(с) Заем туралы Келісім күшіне енгеннен кейін бірден Банк Заем алушының атынан Заем алушыға жобаны әзірлеуге берілген аванстың алынған және өтелмеген белгілі бір күндегі негізгі сомасын, сондай-ақ осы авансқа есептелген өтелмеген кез келген соманы өтеу үшін Заем шотынан тиісті соманы алады және өзіне төлейді. Жобаны әзірлеуге арналған аванстың рұқсат етілген сомасы мен алынбаған қалдығы кейін жойылады.

2.03-бөлім. Осы Заем бойынша несие желісі жабылатын күн 2003 жылдың 31 желтоқсаны немесе Банктің белгілеуі мүмкін неғұрлым кейінгі мерзім болып табылады. Мұндай неғұрлым кейінгі мерзім туралы Банк Заем алушыға дереу хабарлайды.

2.04-бөлім. Заем алушы Банкке заем сомасына жылына бір процент (1%) ставкасы бойынша алымды Заем туралы Келісім күшіне енген күні немесе осы күннен кейін көп кешіктірмей төлейді. Банк Заем алушының атынан заем шотынан аталған барлық соманы алады және өзіне төлейді.

2.05-бөлім. Заем алушы міндеттемесі үшін Банкке заем қаражаты оқтын-оқтын алынғаннан кейін қалған Заемның негізгі сомасына төрттен үш процент (1%-тен 3/4) жылдық ставка бойынша төлейді.

2.06-бөлім. (а) Заем алушы заемның оқтын-оқтын алынатын және өтелмеген негізгі сомасына өсім есептелетін әрбір Кезең үшін ЛИБОР қосылған ЛИБОР-дың жалпы спреді базалық ставкасына тең болатын ставка бойынша өсім төлейді.

(b) Осы бөлімнің мақсаттары үшін:

(i) "Өсім есептеу кезеңі" осы Келісімнің күнінен басталатын және осы күн ішіне кіретін, бірақ өсім төленген бірінші күн ішіне кірмейтін бастапқы кезең дегенді, ал бастапқы кезең аяқталғаннан кейін өсім төленетін күннен басталатын және осы күн ішіне кіретін, бірақ өсім төленетін келесі күн ішіне кірмейтін барлық кезеңдер дегенді білдіреді.

(ii) "Өсім төленетін күн" осы Келісімнің 2.07-бөлімінде көрсетілген кез келген күнді білдіреді.

(iii) "ЛИБОР базалық ставкасы" өсім есептелетін әрбір Кезең үшін Банктің жылдық жиынтық түріндегі негізделген айқындамасына сәйкес Лондон банкаралық депозиттер рыногында алты айлық моновалюталық депозиттерге мұндай Өсім есептеу кезеңінің бірінші күніндегі құны бойынша (немесе Өсім есептеудің бірінші кезеңі болған жағдайда мұндай Өсім есептеу кезеңінің бірінші күніне немесе дәл соның алдындағы күнге сәйкес келетін Өсім төлеу күніндегі құны бойынша) ұсыныстың ставкасы дегенді білдіреді.

(iv) "ЛИБОР-дың жалпы спреді" Өсім есептеудің әрбір кезеңі үшін Банктің негізді айқындамасына сәйкес жылдық жиынтық түрінде: (А) бір проценттің төрттен үшін (1% -тен 3/4); (В) мұндай Кезеңге орташа өлшенген маржа ставкаларының үстіне (немесе төмен) процент есептеудің минусін (немесе плюсін), Лондон банкаралық рыногындағы ұсыныстарды немесе Банктің өтелмеген қарызына қатысты алты айлық депозиттерге басқадай бағдарламалық ставкаларға немесе Банк ұсынған моновалюталық заемдарды қаржыландыру үшін Банк бөлген олардың бөліктерін немесе осы Заемды қоса алғандағы олардың бөліктерін білдіреді.

(с) Банк Заем алушыны әрбір Кезеңге олар айқындалғаннан кейін көп кешікпей проценттер есептеу үшін ЛИБОР-дың базалық ставкасы туралы және ЛИБОР-дың жалпы спреді туралы хабардар етеді.

(d) Егер 2.06-бөлімде айтылған есептік ставкалардың айқындалуына әсер ететін рыноктық саясаттағы өзгерістер кез келген уақытта жарыққа шықса, Банк заем алушылардың мүддесіндегілер тұтас деп белгілейді және Банктің заемдарға осы бөлімде айтылмаған басқа есептік ставкаларын қабылдағаны жөн, Банк осы Заемға есептік ставкаларды айқындау үшін Заем алушыны жаңа есептік базаларды енгізгенге дейін алты (6) айдан кешіктірмей базасын өзгерте алады. Мұндай база егер мұндай енгізуге қатысты қарсылығы туралы Заем алушы осы кезеңнің ішінде хабардар етпесе, ондай жағдайда хабардар ету кезеңі біткен кезде күшіне енеді; Заем алушының қарсылығының бар екені туралы Банкті дер кезінде хабардар еткен кезде осы Заемға өзгерістер қабылданбайды.

2.07-бөлім. Проценттер мен өзге де төленбеген алымдар жарты жылда бір рет әрбір жылдың 15 сәуірі мен 15 қазанында төленеді.

2.08-бөлім. Заем алушы Заемның негізгі сомасын осы Келісімнің 3-қосымшасында ұсынылған өтеу кестесіне сәйкес қайтарады.

III бап

Жобаның орындалуы

3.01-бөлім. (а) Заем алушы осы Келісімнің 2-қосымшасында айқындалған Жобаның мақсаттарын өзінің қуаттайтындығы туралы мәлімдейді, осы мақсатта Жобаның В және Г бөліктері Денсаулық сақтау комитеті арқылы, А бөлігі ШҚО және Б бөлігі АҚ арқылы тиісті ықыласпен және тиімділікпен, сондай-ақ тиісті инженерлік, экологиялық, қаржылық және әкімшілік тәжірибеге сәйкес орындалады және Жобаны орындау үшін талап етілетін қажетті мерзімде ақшалай және өзге де қаражат, қызмет көрсетулер мен басқа ресурстар ұсынады.

(б) осы бөлімнің (а) тармағының ережелерімен шектелмей-ақ және Заем алушы мен Банк өзге де келісімдерге қол жеткізген жағдайларды қоспағанда Заем алушы:

(і) (А) Жобаны орындау мақсатында жыл сайынғы жұмыс бағдарламасын бекітеді және Қатысушы салаларда Банк қанағаттандыратын рәсімдер мен осы Келісімнің 5-қосымшасындағы Б бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес тиісті жыл сайынғы жұмыс бағдарламасын бекітуді қамтамасыз етеді;

(В) Жобаның А және Б бөліктерін орындау мақсатында тиісті Қатысушы аймақтарда тиісті жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларын орындау үшін талап етілетін ақшалай және өзге де қаражат, қызмет көрсетулер мен басқа ресурстар ұсынады;

(іі) Жоба осы Келісімнің 5-қосымшасында баяндалған жобаны іске асыру Бағдарламасына сәйкес орындалады.

3.02-бөлім. Егер Банкпен өзгедей келісілмейтін болса, Жобаны іске асыруға қажетті және Заем қаражаттарынан қаржыландыруға жататын тауарлар сатып алу мен консультанттар жалдау осы Келісімнің 4-қосымшасындағы ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

3.03-бөлім. 9.08-бөлімнің Жалпы талаптарының мақсатында, бірақ олармен шектелместен Заем алушы:

(а) Банкке қолайлы принциптерге сәйкес Жобаның одан арғы қызметінің жоспарын дайындайды және оны Банкке несие желісін жабу Күнінен, егер Банкпен неғұрлым кеш мерзім келісілмесе, кемінде алты (6) ай бұрын ұсынады;

(b) Банкке Заем алушымен жоғарыда көрсетілген жоспар бойынша пікір алмасу тәжірибесін ұсынады.

IV бап

Қаржылық ережелер

4.01-бөлім. (a) Заем алушы Жобаны орындауға арналған қызметін, ресурстары мен шығыстарын барабар бейнелеп көрсететін Заем алушының департаменттерінің немесе агенттіктерінің есептік құжаттамалары мен шоттарын жүргізуді және Банкке қолайлы нұсқада қаржылық ведомостар дайындауды қоса, қаржылық бақылау жүйесін белгілейді және қолдайды.

(b) Заем алушы:

(i) осы бөлімнің (a) тармағында айтылған құжаттар мен шоттарға әрбір қаржылық жылға арналған Арнайы шот бойынша есептік құжаттаманы қоса, Банкке қолайлы, аудиттің принциптеріне сәйкес және Банкке қолайлы тәуелсіз аудиторлар қолданатындарға тиісті дәрежеде аудиторлық тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді;

(ii) Банкке мүмкіндігінше, аудит жүргізілген жыл үшін (A) қаржылық жылы аяқталғаннан кейін алты (6) айдан кешіктірмей осы параграфтың (a) тармағында айтылған қаржылық құжаттардың нотариал растаған көшірмесін және (B) мұндай құжаттар, есептік жазбалар мен шоттар, сондай-ақ аталған аудиторлар жүргізген осындай аудиторлық тексеру туралы есеп және Банк негізді түрде сұрататын нақтылау дәрежесі бойынша ұсынады;

(iii) Банк негізді түрде оқтын-оқтын сұрататын жоғарыда айтылған есептік құжаттамалар, шоттар мен аудиторлық тексерулерге қатысты өзге да ақпараттарды Банкке ұсынады.

(c) Барлық шығыстар бойынша шығыс ведомостарының негізінде заем Шотынан қаражат алуды жүргізуді жүзеге асыру үшін Заем алушы:

(i) осы бөлімнің (a) тармағына сәйкес шығыстар бейнеленген есептік құжаттамалар мен жеке шоттар жүргізуге және оларды жүргізуді қамтамасыз етуге;

(ii) Банк қаржылық жыл үшін аудиторлық есепті алғаннан кейін заем Шотынан қаражатты соңғы алу жүргізілген кезде мұндай шығыстарды растайтын барлық есептік құжаттамаларды (контрактілерді, тапсырыстарды, шот-фактураларды, түбіршектерді,

шоттарды және басқаларды) ең болмаса бір жыл сақтауға;

(iii) Банктің өкілдеріне мұндай құжаттамаларды тексеруге мүмкіндік беруге;

(iv) Осы бөлімнің (b) тармағында көрсетілген жыл сайынғы аудиторлық тексеруге есептік құжаттарды енгізуді қамтамасыз етуге міндетті. Аудит туралы есепте аталған аудиторлардың осы қаржылық жыл ішінде рәсімдер мен оларды дайындау кезінде қолданылған ішкі бақылау әдістерін ескере отырып аталған қаражатты алу үшін негіз болатын шығыс ведомостары туралы жекелеген қорытындысы баяндалуға тиіс.

4.02-бөлім. Заем алушы Банкке қолайлы принциптерге сәйкес жобаны басқару туралы есепті дайындайды және әрбір тоқсан аяқталғаннан кейін 45 күннен кешіктірмей Банкке жібереді, онда:

(a) (i) жоба қаражатының нақты көздері және оларды жиынтықты және есепті мерзімге пайдалану, сондай-ақ қаражаттың жоспарланған көздері мен оларды кейінгі кезең ішінде осы есепті кезең біткеннен кейінгі алты айда Жоба мақсатына пайдалану көрсетіледі, сондай-ақ (ii) есепті кезең ішінде заем қаражатынан қаржыландырылатын шығыстарды жеке көрсету және сол шығындарды кейінгі алты ай ішінде заем қаражатынан қаржыландыру есебінен жүргізу ұсынылады;

(b) (i) жобаны жүзеге асырудың жиынтықты және есепті мерзімге қатысты барысы баяндалады және (ii) жоспарланған тапсырмалар мен нақты қол жеткендер арасындағы айырмашылықтар сылтауы бойынша түсініктемелер беріледі;

(c) жоба бойынша есепті кезең аяқталған сәтте сатып алу қызметі мен заем қаражатынан қаржыландырылатын келісімшарттар бойынша шығындардың жай-күйі баяндалады.

V бап

Заем туралы Келісімнің күшіне енетін күні;

Келісімнің қолданылуын тоқтату

5.01-бөлім. 12.01 (c) Жалпы талаптар бөлімнің мақсаттары үшін Заем туралы осы Келісімді күшіне енгізу қосымша шарт ретінде мынадай оқиғалар жөнінде:

(a) Денсаулық сақтау комитетінің Банкке жобаны басқару мәселелеріндегі ЖІТ-на техникалық көмек көрсету туралы, Банкті қанағаттандыратын нысан бойынша және маңызы бар жиынтық бағалау есебін ұсынуы жөнінде;

(b) Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Банкті қанағаттандыратын жобаны жүзеге асыру жөніндегі Басшылықты бекітуі жөнінде;

(с) Денсаулық сақтау комитетінің Банкке 1999 жылға арналған жыл сайынғы жұмыс бағдарламасының жобасын ұсынуы жөнінде уағдаласады.

5.02-бөлім. Осымен 12.04 Жалпы талаптар бөлімінің мақсаттары үшін осы Келісімге қол қойылған күннен бастап тоқсан (90) күн мерзімі белгіленді.

VI бап

Заем алушының өкілдері; мекен-жайлары

6.01-бөлім. Заем алушының Қаржы министрі 11.03 Жалпы талаптар бөлімнің мақсаттары үшін Заем алушының өкілі болып белгіленеді.

6.02-бөлім. 11.01 Жалпы талаптар бөлімнің мақсаттары үшін мынадай мекен-жайлар белгіленеді:

Заем алушылар үшін:

Қаржы министрлігі

Республика даңғылы, 60-үй

473000 Астана, Қазақстан Республикасы

Телекс: 264126 (FILIN)

Банк үшін:

International Bank for

Reconstruction and Development

1818 H Street, N.W.

Washington, D.C. 20433

United States of America

Телеграф:

INTBSFRAD

Washington, D.C.

Телекс:

248423 (MCI) немесе

64145 (MCI)

Өздерінің тиісті түрде уәкілеттік берілген өкілдері арқылы іс-қимыл жасайтын Тараптардың осыны куәландыру үшін осы Келісімге Қазақстан Республикасының Астана қаласында жоғарыда көрсетілген күні

және жылы, қолдары қойылды.

Қазақстан Республикасы үшін
Уәкілетті өкіл

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі үшін
Еуропа мен Орталық Азия аймағының вице-президенті

1-Қосымша

Заем қаражаттарын алу

1. Төмендегі кестеде Заем қаражаттарынан қаржыландыруға жататын

шығыстар статьясы, әрбір статья бойынша Заем қаражаттарын бөлудің және әрбір статья бойынша Заем қаражаттарынан қаржыландыруға жататын шығыстардың үлестері процентпен айқындалған:

Заем қаражатын бөлу		Заем қаражаттарынан
(долларымен		қаржыландыруға жататын
көрсетілген)		шығыстардың үлестері
(I) жөндеу-құрылыс жұмыстары		90%
(a) Жобаның А бөлігінің шегінде		
(b) Жобаның Б		3 750 000

бөлігінің шегінде		
(с) Жобаның В	3 750 000	
бөлігінің шегінде		
	600 000	
(2) Консультанттардың қызмет көрсетуі	4 150 000	100%
(3) Оқу	3 600 000	100%
(4) Жариялау	1 200 000	100%
(5) Тауарлар	еліміз ішінде сатып алынған басқа тауарларға арналған шет ел валютасындағы 100% шығыстар, жергілікті валютадағы (франко-зауыт бағасы) 100%	
(а) Жобаның А	5 900 000	ел валютасындағы 100% шығыстар, жергілікті валютадағы (франко-зауыт бағасы) 100%
бөлігінің шегінде		
(б) Жобаның Б	5 800 000	шығыстар және жергілікті валютадағы 85% шығыстар
бөлігінің шегінде		
(с) Жобаның В және Г	7 300 000	
бөлігінің шегінде		
(6) Қосымша операциялық шығындар	1 200 000	100%
(7) жобаны дайындауға арналған авансты өтеу	620 000	осы Келісімнің 2.02 (с) парагр. сәйкес тиісті сома
(8) алым	425 000	осы Келісімнің 2.04 парагр. сәйкес тиісті сома
(9) Бөлінбеген қалдықтар	4 205 000	
Жиынты:	42 500 000	

2. Осы қосымшаның мақсаттары үшін:

(a) "шет ел валютасындағы шығыстар" термині Заем алушының елінен басқа, Заем алушының елінен басқа кез келген елдің аумағынан беріп тұратын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға арналған кез келген елдің валютасындағы шығыстарды білдіреді;

(b) "жергілікті валютадағы шығыстары" термині Заем алушының аумағынан беріп тұратын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға арналған Заем алушының валютасындағы шығыстарды білдіреді;

(c) "қосымша операциялық шығын" термині Жобаны іске асырумен және үйлестірумен, басқарумен және мониторингпен айналысатын, офистік керек-жарақтарды, көлік құралдарын пайдалануды, іссапарды және қадағалауға кеткен шығыстарды, консультанттарға төленетін төлемдерді қоса, бірақ Заем алушының мемлекеттік қызметшілерінің жалақысын қоспай, ұйымдар жұмсайтын Жобаны іске асыруға арналған қосымша шығыстарды білдіреді;

(d) "жариялау" термині оқу материалдарын, туберкулезді емдеу үшін байқауға арналған нысандарды, салауатты өмір салтын насихаттау мәселелері жөніндегі баспа материалдарын, сондай-ақ материалдарды басуға байланысты шығындар мен бұқаралық ақпарат құралдарына жұмсалған шығыстарды білдіреді;

3. Жоғарыдағы 1-тармақтағы ережелерге қарамастан, шоттан қаражаттар алу осы Келісімге қол қойылған күнге дейін жүргізілген шығыстарды шотқа төлеуді жүзеге асыру үшін жүргізілмеуге тиіс.

4. Банк заемның Шотынан қаражаттар алу Банк талаптарға сәйкес шығыстар туралы Заем алушыны хабардар ете отырып, (a) құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған, келісімшарт бойынша құны бір келісімшарт үшін кем дегенде 200000 АҚШ долларына тең долларлық баламында, (b) келісімшарттар бойынша тауарларды сатып алу әрқайсысы кем дегенде 200000 долларының долларлық баламында, (c) консалтингтік фирмалар үшін келісімшарттар бойынша қызмет көрсету әрқайсысы кем дегенде 100000 доллар тұратын долларлық баламында және жекелеген консультанттар үшін 50000 АҚШ доллары, (d) семинарлар, тағылымдамалар мен оқу сапарлары әрқайсысы кем дегенде 10000 долларының долларлық баламында және (e) қосымша операциялық шығыстарға арналған шығыстарды төлеу мақсатында ведомостар негізінде жүргізілуін талап ете алады.

Жоба Бағдарламаның бір бөлігі болып табылады және (а) ұлттық деңгейдегі денсаулық сақтау жүйесінің жаңартылуы мен сапасы және тиімділігін арттыру негізінде; сондай-ақ Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының деңгейінде (b) (i) халыққа медициналық қызмет көрсетудің біріккен реформасын жүргізу, (ii) медициналық қызмет көрсетудің бастапқы буындарының сапасы мен экономикалық тиімділігін арттыру, (iii) халыққа медициналық қызмет көрсетуді басқару және қаржыландыру мәселелеріндегі медициналық мекемелердің әлеуетін жетілдіру негізінде денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты түрде ілгері даму жетістіктеріне көмек көрсетуге бағытталған.

Жоба төменде келтірілген бірнеше бөліктерден тұрады, жоғарыда баяндалған мақсаттарға жету үшін оның мазмұны Заем алушы мен Банк арасындағы келісімшарттарға қарай оқтын-оқтын өзгеріп тұруы мүмкін:

А бөлігі: ШҚО бойынша компоненттер:

(1) Алғашқы медициналық-санитарлық көмек (АМСК): (a) жалпы практикада дәрігерлерді даярлауды, сондай-ақ қызмет көрсетуді ұсынатын мекемелерді жаңартуды, жалпы практикада дәрігерлердің біліктілігін үздіксіз арттыруды, емдеудің жаңа технологияларын тәжірибеге енгізуді және пациенттердің емін жүргізуді, алғашқы медициналық жәрдем орталықтарында қызмет істейтін медицина қызметкерлерін, медбикелерді, лаборанттар мен фельдшерлерді қоса қамтитын оқуларды кеңейтуді; (b) жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу арқылы алғашқы медициналық мекемелерді жаңартуды, дәрі-дәрмектік заттармен қамтамасыз етуді, медициналық және лабораториялық жабдықтарды, көлік құралдарын, және байланыс құралдарын беруді, сондай-ақ ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін дамыту мен жетілдіруді көздейтін бағдарламаларды іске асыруға көмек көрсету негізінде алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем жүйесін дамыту.

(2) Қаржыландырудың және халыққа медициналық қызмет көрсетуді басқарудың әдістерін жетілдіру. Қаржыландырудың және техникалық көмек, оқыту, компьютерлер және басқарудың ақпараттық жүйесін белгілеу мақсатында қажетті тиісті құралдар беру негізінде бірінші және екінші буындарды басқарудың әдістерін жетілдіру.

(3) Аурухана мекемелері мен мекемелерді жөндеу тораптарын ұтымды ету. (a) өздерінің орналасқан жерлері бойынша ауруханаларды нығайту бағдарламасына енгізілмеген аудандық ауруханаларды жөндеу және оларға құрал-жабдықтар беруге; (b) ауруханаларды нығайтудың әртүрлі нұсқаларын дайындау және сараптама жүргізуге; (c) ауруханаларды нығайту жөніндегі іс-шараларды басқаруға; (d) біріктірілген функцияларды орындайтын ауруханалардың үй-жайларын жаңартуға көмек көрсету негізінде аурухана мекемелері мен оларды жөндеу тораптарын ұтымды ету жөніндегі нақты шараларды орындау.

Б бөлігі: АҚ бойынша компоненттер

(1) Алғашқы медициналық-санитарлық көмек (АМСК): (a) жалпы практикада

дәрігерлерді даярлауды, сондай-ақ қызмет көрсетуді ұсынатын мекемелерді жаңартуды, жалпы практикада дәрігерлердің біліктілігін үздіксіз арттыруды, емдеудің жаңа технологияларын тәжірибеге енгізуді және пациенттердің емін жүргізуді, алғашқы медициналық жәрдем орталықтарында қызмет істейтін медицина қызметкерлерін, медбикелерді, лаборанттар мен фельдшерлерді қоса қамтитын оқуларды кеңейтуді; (b) жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу арқылы алғашқы медициналық мекемелерді жаңартуды, дәрі-дәрмектік заттармен қамтамасыз етуді, медициналық және лабораториялық жабдықтар, көлік құралдарын, және байланыс құралдарын беруді, сондай-ақ ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін дамыту және жетілдіруді көздейтін бағдарламаларды іске асыруға көмек көрсету негізінде алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем жүйесін дамыту.

(2) Қаржыландырудың және халыққа медициналық қызмет көрсетуді басқарудың әдістерін жетілдіру. Қаржыландырудың және техникалық көмек, оқыту, компьютерлер және басқарудың ақпараттық жүйесін белгілеу мақсатында қажетті тиісті құралдар беру негізінде бірінші және екінші буындарды басқарудың әдістерін жетілдіру.

(3) Аурухана мекемелері мен мекемелерді жөндеу тораптарын ұтымды ету. (a) өздерінің орналасқан жерлері бойынша ауруханаларды нығайту бағдарламасына енгізілмеген аудандық ауруханаларды жөндеу және оларға құрал-жабдықтар беруге; (b) ауруханаларды нығайтудың әртүрлі нұсқаларын дайындау және сараптама жүргізуге; (c) ауруханаларды нығайту жөніндегі іс-шараларды басқаруға; (d) біріктірілген функцияларды орындайтын ауруханалардың үй-жайларын жаңартуға көмек көрсету негізінде аурухана мекемелері мен оларды жөндеу тораптарын ұтымды ету жөніндегі нақты шараларды орындау.

В бөлігі: Ұлттық компоненттер

1. Туберкулезді бақылау. Диагностика әдістерін жетілдіру және БДҰ ұсынған жүйе бойынша туберкулезді емдеу үшін дәрі-дәрмектік заттар, лабораториялық құрал-жабдықтар көлікке, техникалық көмекке және оқуға шығыс қаражаттарын беру арқылы ұлттық деңгейде қолдау.

2. Жалпы практикада дәрігерлер даярлау, Жоғары медициналық оқу орындары мен жалпы практикада дәрігерлер даярлаудағы біліктілігін арттыру институттарын қолдау және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу арқылы оқу орталықтарын құруға көмек көрсету және медициналық, компьютерлік және офистік құрал-жабдықтар, сондай-ақ көлік құралдарын беру.

3. Салауатты өмір салтын насихаттау: (a) Салауатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі ұлттық іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу, жариялау және тарату; (b) салауатты өмір салтының көрсеткіштері бойынша үлкен адамдар мен балаларға базалық және кейіннен тексеру жүргізу; (c) денсаулық сақтаудың қызметкерлері мен мамандарының халықты ақпараттандыру саласында кәсіби дамуы; (d) халықтың медициналық-санитарлық ағартушылығын күшейту және салауатты өмір салтын

насихаттау үшін баспасөз және бұқаралық құралдарды кеңінен пайдалану; (е) техникалық көмек, оқу, жариялау, компьютерлік және офистік құрал-жабдықтар беру арқылы темекі бұйымдары мен алкогольдік ішімдіктерді тұтынуды қысқарту жөніндегі республикалық іс-қимыл жоспарларын әзірлеу және оны орындау.

4. Денсаулық сақтау саласындағы саясат және оны бағалау. (а) Денсаулық сақтау, денсаулық сақтауды дамыту жөніндегі облыстық бағдарламалар салаларындағы ұлттық саясатты талдау және бағалау, еліміздің әртүрлі облыстарында ұсынымдарды таратуға көмек көрсету, сондай-ақ бүкіл ел бойынша реформаларды кеңейту туралы ұсыныстар дайындау; (b) денсаулық сақтаудың облыстық департаменттері мен медициналық мекемелерінің өкілдерін Жобаның тиімділігін айқындауға арналған көрсеткіштерін талдау және өлшеу мәселелері бойынша оқыту; (с) Қазақстанда медициналық ақпарат жүйелерін кеңейту және медицинаны факті негізінде пайдалану; (d) іріктеп алынған мекемелерге медицина тақырыбы бойынша жаңа әдебиеттер мен материалдарды беру; (е) емдеудің жаңа кестесін бағалауға және бекітуге сәйкес тұжырымдаманы әзірлеу үшін техникалық көмек көрсету.

Г бөлігі.

Жобаны, ЖІТ және ЖІАТ институционалдық нығайтуды шет ел және жергілікті консультанттардың, сыртқы аудиттерді жүргізетін консультанттарды қоса, көрсеткен қызметіне төлем жасауды қаржыландыру арқылы, сондай-ақ компьютерлік және офистік құрал-жабдықтарды, көлік құралдарын беру және қосымша операциялық шығындар бөлігін қаржыландыру арқылы басқаруға қолдау көрсету.

* * *

Жоба 2003 жылғы 30 маусымда аяқталады деп болжануда.

3-Қосымша Заемды өтеу кестесі

Заемды өтеу күні		Заемның негізгі бөлігін өтеу (доллармен	
		көрсетілген)	
<*>			
2004 жылғы 15 қазан		920 000	
2005 жылғы 15 сәуір		945 000	

2005 жылғы 15 қазан		970 000
2006 жылғы 15 сәуір		1 000 000
2006 жылғы 15 қазан		1 025 000
2007 жылғы 15 сәуір		1 055 000
2007 жылғы 15 қазан		1 085 000
2008 жылғы 15 сәуір		1 115 000
2008 жылғы 15 қазан		1 150 000
2009 жылғы 15 сәуір		1 180 000
2009 жылғы 15 қазан		1 215 000
2010 жылғы 15 сәуір		1 250 000
2010 жылғы 15 қазан		1 285 000
2011 жылғы 15 сәуір		1 320 000
2011 жылғы 15 қазан		1 355 000
2012 жылғы 15 сәуір		1 395 000
2012 жылғы 15 қазан		1 435 000
2013 жылғы 15 сәуір		1 475 000
2013 жылғы 15 қазан		1 515 000
2014 жылғы 15 сәуір		1 560 000
2014 жылғы 15 қазан		1 605 000

2015 жылғы 15 сәуір		1 650 000
2015 жылғы 15 қазан		1 695 000
2016 жылғы 15 сәуір		1 745 000
2016 жылғы 15 қазан		1 795 000
2017 жылғы 15 сәуір		1 845 000
2017 жылғы 15 қазан		1 895 000
2018 жылғы 15 сәуір		1 950 000
2018 жылғы 15 қазан		2 005 000
2019 жылғы 15 сәуір		2 065 000

<*>

- Осы бағанадағы сандар заемды өтеу есебінен, 4.04 (d) Жалпы талаптар бөліміндегі ұсыныстарды қоспағанда, төлеуге жататын доллармен алынған соманы білдіреді.

4-Қосымша

Консультанттарды сатып алу және көрсететін қызметтері

1-бөлім. Тауарларды сатып алу және мердігерлік жұмыстар

А бөлігі: Жалпы анықтама

Тауарларды сатып алу және мердігерлік жұмыстар І "Басшылық. ХҚДБ заемдары және МАР несиелері бойынша сатып алу" 1995 жылы Банк жариялаған және 1996 жылы қаңтар мен тамызда, сондай-ақ 1997 жылы қыркүйекте және 1999 жылы қаңтарда қайта пысықталған (Басшылық) 1-бөлімнің рәсімдеріне сәйкес және бұл қабылданған жерде, осы бөлімнің төменде келтірілген ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

В бөлігі:

1. Осы Қосымшаның С бөлігінің ережелерін қоспағанда, тауарлар сатып алу Басшылықта және 1-Қосымшаның 5-параграфында, бұл да сонда, айтылған ІІ бөлімде көрсетілген рәсімдерге сәйкес, тағайындалған келісімшарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы В бөлігінің 1-параграфының ережелеріне сәйкес жасалған контрактілерге сәйкес сатып алынған тауарларға мынадай ережелер қолданылады:

Отандық өндірістің тауарларын жоғары бағалау

Басшылықтың 2.54 және 2.55 параграфтарында және Басшылықтың 2-қосымшасындағы ережелер Заем алушының аумағында жасалған тауарларға қолданылады.

С бөлігі: Сатып алудың өзге де рәсімдері

1. Ұлттық конкурстық саудаластық

Егер осы Қосымшаның 5-параграфында өзгедей көзделмесе, бір келісімшарт үшін есептік құны кем дегенде 1 000 000 АҚШ долларының долларлық баламынан кем және жиынтығы 4 310 000 доллардан аспайтын құрылыс жұмыстарындағы мердігерлік Басшылықта көрсетілген 3.3 және 3.4-параграфтарға сәйкес тағайындалған келісім-шарттар бойынша жасалады.

2. Еркін саудадағы халықаралық сатып алулар

Егер осы Ереженің 3 және 4-параграфтарында өзгедей көзделмесе, бір келісім-шарт үшін есептік құны кем дегенде 200000 АҚШ долларының долларлық баламынан кем және жиынтығы 2610000 доллардан аспайтын тауарлар Басшылықта көрсетілген 3.5 және 3.6-параграфтарға сәйкес тағайындалған келісімшарттар бойынша жасалады.

3. Еркін саудадағы ұлттық сатып алулар

Егер осы Ереженің 4-параграфында өзгедей көзделмесе, бір келісім-шарт үшін есептік құны кем дегенде 75000 АҚШ долларының долларлық баламынан кем және жиынтығы 1130000 доллардан аспайтын тауарлар Басшылықта көрсетілген 3.5 және 3.6 -параграфтарға сәйкес тағайындалған келісім-шарттар бойынша жасалады.

4. БҰҰ бөлімшелерінен сатып алу

Еркін сатудағы медициналық құрал-жабдықтарды, сондай-ақ туберкулездің мониторингі үшін стандартты нысанды Басшылықта көрсетілген 3.9-параграфының ережелеріне сәйкес ЮНИСЕФ-тен сатып ала алады.

5. Шағын жұмыстарға арналған мердігерлік қорытындысы

Бір келісімшарт үшін есептік құны 200000 АҚШ долларының долларлық баламынан төмен және жиынтығы 5650000 доллардан аспайтын тіркелген баға бойынша аккордтық төлемді көздейтін келісімшарт негізінде жасалады. Мұндай келісімшарттар жазбаша шақыруға жауап ретінде біліктілігін арттырушы 3 (үш) жергілікті мердігерліктен түскен ұсынылған бағаны салыстыру негізінде жасалады. Шақыруда жұмыстың сипаттамасы, арнаулы ерекшеліктері, күтілген жұмысты аяқтау мерзімі, Банкке қолайлы келісімшарт нысанын қоса, сондай-ақ мұның қай жерде мүмкін болатынын көрсететін тиісті сызбалар баяндалуға тиіс. Келісімшартта неғұрлым аз баға ұсынған мердігерлікті және келісімшартты табысты орындау үшін кімде қажетті тәжірибе мен ресурстар бар, сол жеңіп шығады делінген.

D бөлігі: Банктің сатып алу жөніндегі шешімдерді тексеруі

1. Сатып алуды жоспарлау

Басшылықта көрсетілгендерге 1-қосымшаның 1-параграфындағы ережелерге сәйкес Жоба үшін ұсынылған сатып алу жоспары сауда-саттыққа қатысуда қандай да болмасын шақыруды таратқанға дейін тексеру және бекіту үшін Банкке ұсынылуға тиіс. Жұмысқа және тауарларды сатып алуға арналған мердігерліктің қорытындысы Банк бекіткен сатып алу жоспарына сәйкес және жоғарыда 1-параграфта айтылғандарға сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

2. Алдын-ала тексеру

(а) осы Қосымшаның B.1, C.1, C.2 және C.2 бөліктерінде көзделген тәртіпке сәйкес жасалған барлық келісім-шарттарға қатысты әр келісімшарт үшін 200000 доллардың долларлық баламынан кем емес сомаға Басшылықта көрсетілген 1-қосымшаның 2 және 3-параграфтарында белгіленген тәртіп қолданылады.

(b) осы Қосымшаның C.1 бөлігінде көзделген тәртіпке сәйкес жасалған құрылыс жұмыстарының мердігерлігіне арналған әрбір облыс үшін алғашқы екі келісім-шартқа қатысты және осы Қосымшаның C.5 бөлігінде көзделген тәртіпке сәйкес жасалған құрылыс жұмыстарының мердігерлігіне арналған әрбір қатысушы облыстар үшін алғашқы екі келісімшартқа қатысты немесе Банк талап ететін осындай келісімшарттардың кез келген басқа санға Басшылықта көрсетілген 1-қосымшаның 2 және 3-параграфтарында көзделген тәртіп қолданылады.

3. Қорытынды тексеру

Осы бөліктің 2-параграфы қолданылмайтын келісімшартқа қатысты, Басшылықта көрсетілген 1-қосымшаның 4-параграфтарында белгіленген тәртіп қолданылады.

II Бөлім. Консультанттарды жалдау

A бөлігі: Жалпы анықтама

Консультанттарды жалдау 1997 жылғы қаңтарда Банк жариялаған және 1997 жылғы қыркүйекте және 1999 жылғы қаңтарда қайта оралған (Консультанттарды пайдалану жөніндегі Басшылық) Алғысөздері мен "Банктің Заем алушыларының

консультанттарды пайдалану жөніндегі Басшылығы" IV бөлімінің ережелеріне және осы Келісімнің II бөлімінің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

В бөлігі: Консультанттарды оларды жұмыс сапасы мен құнын ескере отырып таңдау

1. Егер осы бөлімнің С бөлігінің ережелерінде өзгедей көзделмесе, консультациялық қызмет көрсету Консультанттарды пайдалану жөніндегі Басшылықтың II Бөлімінің, басшылықта көрсетілген 1-қосымшаның 3-параграфының ережелеріне және олардың жұмыс сапасы мен құнына қарай консультанттарды таңдауға қолданылатын басшылықта айтылғанға 2-қосымша және осындағы 3.13-3.18-параграфтардың ережелеріне сәйкес жасалған келісімшарттар бойынша сатып алынады.

2. Консультанттарды таңдауға қолданылатын келесі тәртіп алдыңғы параграфта көзделген тәртіпке сәйкес қызмет көрсетуге арналған келісімшарт жасалады.

С бөлігі: Консультанттарды таңдаудың өзге рәсімдері

1. Неғұрлым аз баға бойынша қызмет көрсетуді таңдау

Аудит жүргізу жөнінде қызмет көрсетудің есептік құны 200000 АҚШ долларының долларлық баламынан кем болса, Консультанттарды пайдалану жөніндегі Басшылықтың 3.1-3.6-параграфтарының ережелеріне сәйкес жасалған келісімшарттар бойынша сатып алынуы мүмкін.

2. Жеке консультанттар

Консультанттарды пайдалану жөніндегі Басшылықта көрсетілген 5.1-параграфта көрсетілген тиісті талаптарға сай тапсырмаларды орындауға қызмет көрсету Консультанттарды пайдалану жөніндегі Басшылықта көрсетілген 5.1-5.3-параграфтарының ережелеріне сәйкес жеке консультанттармен жасалған келісімшарттарға сәйкес сатып алынады.

Д бөлігі. Банктің консультанттарды таңдау процестерін қарау тәртібі

1. Консультанттарды таңдауды жоспарлау

Консультанттарды пайдалану жөніндегі Басшылықта көрсетілген 1-қосымшаның 1-параграфындағы ережелерге сәйкес Жоба үшін ұсынылған консультанттарды таңдау жоспары консультанттар ұсыныстар беруге шақыру алғанға дейін тексеру және бекіту үшін Банкке ұсынылуға тиіс. Барлық консультациялық қызметті таңдау Банк бекіткен консультанттарды таңдау жоспарына сәйкес және жоғарыда 1-параграфта айтылғандарға сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

2. Алдын-ала тексеру

(а) жалдау жөніндегі келісім-шарттардың әрқайсысына консалтингтік фирмалардың есептік құны 100000 доллардың және одан жоғары долларлық баламға Консультанттарды пайдалану жөніндегі Басшылықта айтылғанға 1-қосымшаның 1, 2 және 5-параграфтарында (2(а) параграфының үшінші тармақшасын қоспағанда) белгіленген ереже қолданылады.

(b) жалдау жөніндегі келісімшарттардың әрқайсысына консалтингтік фирмалардың есептік құны 100000 доллардың және одан жоғары, бірақ 200000 доллардың долларлық баламға Консультанттарды пайдалану жөніндегі Басшылықта айтылғанға 1-қосымшасының 1, 2 және 5-параграфтарында (2 (a) параграфының үшінші тармақшасын қоспағанда) белгіленген ереже қолданылады.

(c) есептік құны 50000 доллардың және одан жоғары долларлық баламға жеке консультанттарды жалдау жөніндегі келісім-шарттардың әрқайсысына қатысты Банкке консультанттардың біліктілігі, жұмыс тәжірибесі, оның өкілеттігі мен міндеттерінің аясы, сондай-ақ жалдау талаптары ұсынылуға тиіс. Келісімшарт бекітілгенде айтылғандарды алған жағдайда ғана жасалады.

4. Қорытынды тексеру

Осы бөліктің 2-параграфының ережесі қолданылмайтын барлық келісімшарттарға қатысты, Консультанттарды пайдалану жөніндегі Басшылықта айтылғанға 1-қосымшаның 4-параграфында көрсетілген тәртіп қолданылады.

5-Қосымша

Іске асыру бағдарламасы

А бөлігі:

1. Заем алушы,

(a) мониторинг және тұрақты бағалау жүргізуге қажетті шаралар мен рәсімдерді Банк пен Заем алушы арасында Жобаны орындауға келісілген көрсеткіштерінің тізбесіне және оның мақсаттарына жетуіне сәйкес әзірлейді, бекітеді және қолданады.

(b) Банк үшін қолайлы техникалық тапсырмаларға сәйкес осы бөлімнің (a) параграфына сәйкес орындалатын бақылау-бағалау іс-шараларының нәтижелері қорытылуға тиісті есепті дайындайды және оны шамамен 2001 жылғы 30 қыркүйекте Банкке жібереді, есеп дайындалатын күннің алдындағы кезең ішінде жобаны орындауға қатысты, сондай-ақ келесі есепті кезеңге ұсынылған Жобаны тиімді түрде жүзеге асыруды және қойылған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету шаралары баяндалуға тиіс.

(c) егер Банктен 2001 жылғы 31 желтоқсанға немесе неғұрлым кеш мерзімге тиісті сұрату түссе, осы Бөлімнің (b) параграфында айтылған есепті Банкпен бірлесіп қарайды

, содан кейін Жобаны тиімді түрде жүзеге асыруды және қойылған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету үшін жоғарыда аталған есептің қорытындылары мен ұсынымдары және Банктің пікірі негізінде талап етілетін шараларды қабылдайды.

2. Заем алушы қатысушы облыстарды Жобаны іске асыру тобын (ЖІТ), жобаны іске асырудың аймақтық тобын (ЖІАТ) және техникалық бағалау бөлімін (ТББ) құрады және оларды ЖІТ, ЖІАТ және ТББ осындай нысанда және Банкті қанағаттандыратын кадрлар құрамының, қаражаттың, материалдық-техникалық базалар мен өзге де ресурстардың болуы жағдайында тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, Жоба аяқталғанша сақтайды.

3. Заем алушы: (а) ЖІТ-ті басқаратын қызметкер Денсаулық сақтау төрағасының орынбасарын есеп беретін болады және Жобаның іс-шараларын, бухгалтерлік есепті, аудитті, сатып алуды, төлем жасауды, жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларының жиынтық жобалары мен бюджеттерді дайындауды қоса, жалпы үйлестіруге, сондай-ақ Жобаны орындаудың барысы туралы кезеңдік және жылдық есептер дайындауға жауап беретін (б) ЖІАТ-ын қатысушы облыстардың аймақтық үйлестірушілері, есеп беретін жергілікті атқарушы өкімет басқаруға тиіс.

4. Заем алушы қатысушы облыстармен және Банкпен консультация кезінде А.2 бөлікті және Б.2 Жобаның қатысушы облыстардың әрқайсысы бойынша іске асырудың келісілген стратегиялық жоспарын дайындайды және 1999 жылғы 15 шілдеге Банкке жібереді. Бұл ретте Қатысушы облыстар орындайтын Жобаны іске асырудың әрбір жылына нақты іс-шаралар жіберілуге тиіс.

Б бөлігі. Жыл сайынғы жұмыс бағдарламалары

5. (а) 2000 жылдан бастап әрбір күнтізбелік жылға жыл сайынғы жұмыс бағдарламасына дайындық қатысушы облыстар мен Денсаулық сақтау комитеті Жобаның А, Б, В, Г бөліктерін орындауға қатысады, мынадай тәртіп қолданылады:

(і) жыл сайын қатысушы облыстар 1 маусымға келесі жылға арнап Жобаның А және Б бөліктері бойынша осы Қосымшаның Б бөлігіндегі (b) параграфында көрсетілген талаптар енгізілуге тиісті жыл сайынғы жұмыс бағдарламасын дайындайды, сондай-ақ мұндай жұмыс бағдарламалары тиісті қатысушы облыстардың әкімдеріне жіберіледі;

(іі) жыл сайын қатысушы облыстар 15 маусымға Жобаның А және Б бөліктері бойынша ұсынылған жыл сайынғы жұмыс бағдарламасының талаптарын келіседі және жыл сайынғы жұмыс бағдарламасын жібереді;

(ііі) жыл сайын ЖІТ 15 шілдеге Жобаның В және Г бөліктері бойынша келесі жылға осы Қосымшаның Б бөлігіндегі (b) параграфында көрсетілген талаптар енгізілуге тиісті жыл сайынғы жұмыс бағдарламасын дайындайды және барлық ұсынылған, жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларын, қатысушы облыстар әзірлеген бағдарламаларды біріктіріп жинақтайды және оларды қарау және түсіндіру үшін Денсаулық сақтау комитетіне және Банкке жібереді;

(iv) жыл сайын 15 тамызда Денсаулық сақтау комитеті ұсынылған жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларын қарау және Банктің қарауы және Банкте мұндай ұсынылған жыл сайынғы жұмыс бағдарламалары бойынша қарсылығының болмауы негізінде, сондай-ақ қатысушы облыстардың мұның алдындағы жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларын орындауды ескере отырып, жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларын ресми түрде бекітеді және қатысушы облыстар мұндай жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларын ресми бекітуді қамтамасыз етеді.

(b) Барлық жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларына қатысушы облыстар мен Денсаулық сақтау комитеті Жобаның А, Б, В және Г бөліктерін іске асыру үшін қажетті және тиісті талаптар енгізуге тиіс, сондай-ақ бұдан басқаларына:

- (i) жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларының мақсаттарына;
- (ii) айтылған мақсаттарға жету үшін жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларының шеңберінде орындалуға тиісті іс-шараларына;
- (iii) жыл ішінде жөндеуге жататын мекемелер (саны және сипаттамасы) және ұтымды ету шараларына;
- (iv) жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларды оңалтуға жататын медициналық мекемелерге, жыл ішінде сатып алуға жататын құрал-жабдықтарға және керек-жараққа бөле отырып, орындау үшін қажетті шығын сметасын қоса бюджетке;
- (v) бұдан басқа да, құрылыс жұмыстарын орындау үшін қатысушы аймақтар енгізген қаражаттар туралы, Заем алушының осы заем шеңберінде ұсынылатын қаражатты қоса, қаражаттары туралы ақпарат қамтылатын жыл сайынғы жұмыс бағдарламалары шеңберінде орындалатын іс-шараларға арналған қаржы жоспарына;
- (vi) оқу сапарларына және тағылымнамаға қатысу жолымен даярлықтан өтетін қызметкерлерді таңдау өлшемі мен санына, сондай-ақ осындай іс-шаралар шығынының сметасына қатысты талаптар.

6. Заем алушы жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларын орындайды және Банктің қанағаттануына жыл сайынғы жұмыс бағдарламаларын тиісті Қатысушы облыстардың орындауын қамтамасыз етеді.

6-Қосымша

Арнайы шот

1. Осы Қосымшаның контекстінде

(а) "Қолайлы баптар" термині осы Келісімнің 1-қосымшасының 1-параграфындағы кестеде көрсетілген (1), (2), (3), (4), (5) және (6) баптарын білдіреді;

(b) "Қолайлы шығыстар" термині Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті және осы Келісімнің 1-Қосымшасының ережелеріне сәйкес Қолайлы баптарға оқтын-оқтын бөлінетін Заем қаражаттарынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді ойға қонымды баға бойынша сатып алуға жұмсалған шығыстарды білдіреді;

(с) "Рұқсат етілген қаражат" термині Заем шотынан алынатын 1000000 АҚШ долларының баламындағы соманы білдіреді және осы Қосымшаның 3(а) тармағына сәйкес Арнайы шотқа депозитке салынады, бірақ егер Банк өзгедей келіспеген жағдайда, Рұқсат етілген қаражат Заем шотынан алынған қаражаттың жалпы сомасы әзірше баламасы 500000 долларға дейінгі доллар баламының сомасынан артпауға тиіс, Жалпы талаптардың 5.02-параграфына сәйкес Банк өзіне қабылдаған барлық төленбеген арнайы міндеттемелермен қоса жиынтығы 4000000 АҚШ долларының баламына тең немесе асып түседі.

2. Арнайы шоттан төлем жасау осы Қосымшаның талаптарына сай тек қолайлы шығыстарды жабу үшін жүргізіледі.

3. Банкке қолайлы куәліктер бергеннен кейін, Рұқсат етілген қаражаттарды алуға және Арнайы шотты толықтыру мақсатында одан кейін де қаражаттар алуға сәйкес тиісті дәрежеде Арнайы шот ашу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

(а) Рұқсат етілген қаражаттарды алу үшін Заем алушы Банкке Арнайы шотқа депозит немесе депозиттер салуды жүргізуге арналған сұрату немесе сұратулар ұсынады, оның жиынтық сомасы Рұқсат етілген сомадан аспайды. Банк осындай сұратудың немесе сұратулардың негізінде Заем алушының атынан Заем шотынан қаражат алуды жүргізеді және Заем алушы сұратқан сомада Арнайы шотқа депозитке салады.

(b) (i) Арнайы шотты толықтыру үшін Заем алушы Банк белгілеген аралық уақытпен Арнайы шотқа қаражат аудару үшін Банкке сұратулар ұсынады;

(ii) айтылған әрбір сұратуды алғанға дейін немесе осындай сұратуды алған бойда Заем алушы осы Қосымшаның 4-параграфында Арнайы шотты қаражатпен толықтыруға сәйкес төлемді немесе төлемдерді жүзеге асыру үшін көзделген құжаттарды және өзге де куәлікті Банкке ұсынады. Әрбір осындай сұратудың негізінде Банк Заем алушы атынан Заем шотынан Заем алушы сұратқан соманы алуды жүргізеді және оны Арнайы шотқа есептейді. Мұндай сұратылған соманың негізділігін Қолайлы шығыстарды төлеу үшін Арнайы шоттан осы соманы алу туралы куәландыратын аталған қаржылық және басқа құжаттар растайды. Банктің Заем шотынан көрсетілген депозиттерді алуы Қолайлы санаттар шеңберінде және тиісті баламдық сомаларда

жүргізіледі, ол ұсынылған қаржылық және басқа құжаттар расталады.

4. Арнайы шоттан Заем алушы төлем жасаған әрбір төлем бойынша Заем алушы Банк талап еткен мерзімде ойға қонымды негізде құжат пен басқа куәлікті Банкке ұсынады, мұндай төлем тек қана Қолайлы шығыстар үшін жүзеге асырылады.

5. Осы Қосымшаның 3-тармағының ережелеріне қарамастан, Банктен Арнайы шотқа депозиттер аударуды талап етпейді:

(a) егер кез келген уақытта бұдан әрі барлық қаражат алу Заем шотынан, бұл Жалпы талаптардың V бабында және осы Келісімнің 2.02-бөлімінің (a) параграфында көзделгендей, тікелей Заем алушы арқылы жүзеге асырылуға тиіс екендігін айқындаса;

(b) егер осы Келісімнің 4.01-бөлімінде (b) (ii) көрсетілген уақыттың бір бөлігі ішінде Банкке аталған Бөлімге сәйкес есептік жазбалар мен шоттардың аудиті туралы Арнайы шотқа қатысты қандай да бір есептерден ұсынылуға жататын өтініштер жіберілмесе;

(c) егер Банк кез келген уақытта өзінің Заем алушының 6.02 Жалпы талаптар Бөлімінің ережелеріне сәйкес Заем шотынан қаражат алуға деген құқығын тұтастай немесе ішінара тоқтату ниетінің бар екені туралы Заем алушыны хабардар етсе; немесе

(d) егер 6.02 Жалпы талаптар Бөліміне сәйкес Банк қабылдаған барлық төленбеген арнайы міндеттемелерінің сомасын шегере отырып, Арнайы шот үшін Қолайлы баптар арасында бөлінген алынбаған заем қаражатының жалпы сомасы Рұқсат етілген қаражат сомасынан екі есе артады. Заем шотынан мұндай алудан кейін Қолайлы баптарды қаржыландыруға арналған алынбаған соманың қалдығы Заем алушыны арнайы хабардар етуде Банк көрсеткен рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады. Одан кейінгі осындай алулар хабардар етілген күнгі Арнайы шоттағы бар салымдар сомасына Банктің қанағаттануына қарай содан кейін жүргізіледі және олар Қолайлы шығыстарды жабу үшін пайдаланылатын болады.

6. (a) Егер Банк қандай да бір мерзімге (i) Арнайы шот қаражатынан кез келген төлем шығыстарды жабу үшін осы Қосымшаның 2-тармағының талаптарына сай келмейтін сомада жұмсалған болса, немесе (ii) Банкке ұсынылған құжаттамаларға негізделмесе, Заем алушы Банктен хабар алысымен (A) кешіктірмей Банк сұрату салатындай қосымша дәлел ұсынуға тиіс; немесе (B) арнайы шотқа жеткілікті дәлел болып табылмайтын немесе қолайлы төлемдер санатына кірмейтін мұндай төлем сомасына тең соманы, немесе оның бір бөлігін енгізуге тиіс (немесе Банктің сұратуы бойынша Банкке төлеуге тиіс). Егер Банкпен өзгедей келісілмесе, Банк тарабынан Арнайы шотқа Заем алушы дәлел ұсынғанша немесе салым салғанша немесе нақты жағдайларға қарай қаражатты төлегенше одан әрі ешқандай салым салынбайды.

(b) Егер Банк қандай да бір мерзімге Арнайы шотта қандай да бір

қалған сома Қолайлы шығыстарды одан әрі жабу үшін пайдаланылмайды, Заем

алушы Банктен хабар алысымен осы қалған соманы Банкке төлейді.

(с) Заем алушы Банктен хабар алысымен Банкке Арнайы шоттағы қаражаттың барлық сомасын немесе соманың бір бөлігін төлейді.

(d) осы Қосымшаның 6 (a), (b) және (с) тармақтарына сәйкес жүзеге асырылған Банкке қаражат қайтару осы Келісімнің тиісті ережелеріне, Жалпы талаптарды қоса, сәйкес алдағы уақытта алу немесе жою үшін Заем шотына аударылады.

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Нарбаев Е.Ә.